


Салалас құрмалас сөйлем





Құрамындағы жай сөйлемдердің
бастауыштары тиянақты тұлғада келіп, Өзара
бір-бірімен тең дәреже де байланысқан
құрамаластың түрін **сәлалас құрмалас** дейміз.

Салаластың құрамындағы жай сөйлемдерді бір-бірімен бағынбай, тең дәрежеде байланысып, баяндауыштары тиянақты тұлғада келетіндіктен, ол жай сөйлемдерді жеке-жеке де қолдануға болады. *Мысалы: Салық қырман басына келіп, Жүзбай қарттың үйінен шай ішіп қызара бөртіп, терлеп-тепшіп отыр еді.* Сөйлемді осы баяндауышпен аяқтап, бітіруге болады, өйткені баяндауышы *отыр еді* тиянақты тұлғада қолданылған. Салаластың екінші сыңары да өз алдына жеке сөйлем бола алады: *Водовозбен салып ұрып Саша Гармош деген комбайншы жетіп келді.*

Салалас құрмаластың құрамындағы жай сөйлемдер өзара бір-бірімен екі түрлі жолмен байланысады:

*Орын тәртібі
(жалғаулықсыз) арқ.
ұйымдасқан – бұлар іргелес
салалас құрмалас сөйлем деп
аталады. Сәнжанның көңілі
көтеріңкі, қабағы ашыңқы.*

*Жалғаулықтар
компоненттерін
байланыстырып ұйымдасқан
– бұлар жалғаулықты
салалас құрмалас сөйлем деп
аталады.*



Құрамындағы жай сөйлемдерінің мағыналық қарым-қатынасына қарай салалас құрмалас сөйлем **АЛТЫ** түрге бөлінеді:

1. Ыңғайлас салалас

4. Кезектес салалас

2. Қарсылықты салалас

5. Талғаулы салалас

3. Себеп-салдар салалас

6. Түсіндірмелі салалас


1. Ыңғайлас салаластың құрамындағы жай сөйлемдердің бірінде айтылған ой мен екіншісіндегі ой мезгілдес, бағыттас, ыңғайлас мәнде айтылады. Мысалы, *Төлеутай әскерге кетті де, содан қайтып оралмады.* Ыңғайлас салалас құрмаластың құрамындағы жай сөйлемдер да, де, та, те, және, әрі деген ыңғайлас мәнді жалғаулық шылаулар арқылы байланысса, жалғаулықты ыңғайлас салалас деп аталады.

2. Себеп-салдар салаластың құрамындағы жай сөйлемдердің алдыңғысы соңғысының, соңғысы алдыңғысының себебін білдіріп тұрады.

Мысалы, Көмекиі жігіт қойларды ерте айдап әкеліпті, себебі күннің арты бұзылып келе жатқанын байқайды.

Себеп-салдарсалалас құрмаластар жалғаулықты және жалғаулықсыз болып бөлінеді. Себеп-салдар салаласты байланыстыратын жалғаулық шылаулар: себебі, өйткені, сондықтан, сол себепті, неге десеңіз.

3. Қарсылықты салаластың құрамындағы жай сөйлемдердің біріндегі іс-оқиға екіншісіндегі іс-оқиғаға қарама-қарсы болады. Қарсылықты салаластың құрамындағы жай сөйлемдер бірақ, алайда, дегенмен, сонда да, әйтсе де деген шылаулар арқылы байланысса, жалғаулықты қарсылықты салалас деп аталады. Мысалы, *Ауырғанда жаным көзіме көрініп барады, бірақ анамды қинағым келмейді.*



4. Құрамындағы жай сөйлемдердің алдыңғысы соңғысын нұсқап, ал соңғысы алдыңғы сөйлемнің мағынасын ашып, түсіндіріп тұратын құрмаластың түрі түсіндірмелі салалас деп аталады. Түсіндірмелі салаластың құрамындағы жай сөйлемдер жалғаулық шылаусыз, іргелес тұрып байланысады да, арасына қос нүкте қойылады.

Мысалы, *Ернеудің бір айналма тұсында із екі айырылды: бірі ернеуді бойлап ілгері кетті, екіншісі төмен қарай түскен.*

Түсіндірмелі салаластың бірінші жай сөйлемінің баяндауышының құрамына сол, сонша, соншалық, сондай деген сілтеу есімдіктері қатысса, екі жай сөйлемнің аражігіне сызықша қойылады.



5. Құрамындағы жай сөйлемдерде айтылған іс-әрекеттің **біреуі ғана жүзеге асатынын білдіретін** салаластың түрі **талғаулы салалас** деп аталады. Талғаулықты салаластың құрамындағы жай сөйлемдер тек **жалғаулықты шылаулар** арқылы байланысады да, арасына **үтір** қойылады. Талғаулықты салаластың құрамындағы жай сөйлемдер **не, немесе, я, яки, не болмаса, я болмаса, болмаса, әйтпесе,** әлде деген талғаулық мәнді жалғаулық шылаулар арқылы байланысады. Мысалы, *Бұл жолы құрбысымен не ит жығыс түседі, не болмаса оны жеңуге тырысады.*

6. **Кезектес салаластың құрамындағы жай сөйлемдері айтылған іс-әрекеттің кезектесіп жүзеге асуын көрсетеді. Кезектес салаластың құрамындағы жай сөйлемдер бірде, біресе, кейде деген кезектес мәнді жалғаулық шылаулар арқылы тек салаласа байланысады да, араларына үтір қойылады. Мысалы, Бірде желбіреген ақ сәулелі дала кездеседі, кейде қызыл бұйра тобылғылы адырлар ұшырасады, біресе көкала қамысты көлдер кездеседі.**

№	<u>Түрлері</u>	<u>Жалғаулықтары</u>	<u>Тыныс белгісі</u>
1	<u>Ынғайлас салалас</u>	<u>Және, да, де, та, те, әрі.</u>	<u>Үтір</u>
2	<u>Қарсылықты салалас</u>	<u>Бірақ, сонда да, дегенмен, алайда, әйтсе де, сөйтсе де.</u>	<u>Үтір, үтір мен сызықша</u>
3	<u>Түсіндірмелі салалас</u>	<u>Жалғаулығы жоқ. Сонша, сондай, сол, соншалық, мынау, мынадай сілтеу есімдіктері арқылы байланысады.</u>	<u>Қос нүкте, сызықша</u>
4	<u>Себеп-салдар салалас</u>	<u>Өйткені, сондықтан, себебі, сол үшін, сол себепті, неге десеніз, т.б.</u>	<u>Үтір, қос нүкте немесе сызықша</u>
5	<u>Талғаулы салалас</u>	<u>Не, немесе, я, яки, болмаса, әйтпесе, не болмаса, әлде. я болмаса</u>	<u>Үтір</u>
6	<u>Кезектес салалас</u>	<u>Кейде, бірде, біресе.</u>	<u>Үтір</u>



Назарларыңызға рақмет!